




Математика

$9 - 6 = 3$





Оқулық

$3 + 2 - 1 = 4$



$2 + 8 = 10$



$7 + 5 = 12$



$= 8$



$3 + 6 = 9$



1	2	3	4	5
---	---	---	---	---

NIS
 Назарбаев
 Зияткерлік
 мектептері

ӘОЖ 373.167.1

КБЖ 74.3

М 29

**Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша**

**Г. Ш. Жакупова, Н. В. Орехова, Н. В. Лебедева, С. И. Уакбаева,
А. О. Мадхалыкова, Н. З. Иманбаева.**

Редакторы Г. Н. Базарбаева

М 29 Математика. 1-сынып. Оқулық. Көру қабілеті бұзылған (нашар көретін) балаларға арналған арнайы жалпы білім беретін мектептердің (сыныптардың) 1-сыныбына арналған оқулық. 1-бөлім.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша «ӘБЕО орталығы» ЖШС-інде үлкейтілген қаріпке бейімделген.

– Алматы: 2018 ж., 158 б.

ISBN 978-601-249-313-9

ISBN 978-601-249-312-2 (1 б.)

ӘОЖ 373.167.1

КБЖ 74.3

ISBN 978-601-249-312-2 (1 б.)

ISBN 978-601-249-313-9

© «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2016

Қымбатты оқушы!

Біз сені МАТЕМАТИКА әлеміне саяхатқа шақырамыз! Сені қызықты есептер, басқатырғыш тапсырмалар, математикалық ойындар күтіп тұр. Біз Сандар теңізін жүзіп өтіп, Шамалар алқабын жүріп өтеміз. Өлшемдер мен Салыстырулар жазығында болып, Геометриялық фигуралар шыңына шығамыз. Қисық сызық өзенінен малтып өтіп, Түзу жолмен сапар шегеміз. Осылайша таңғаларлық МАТЕМАТИКА әлеміне ғажайып саяхат жасаймыз.

Сен санауды, есептеуді, өлшеуді, сызуды үйренесің. Сонымен бірге бұл ғажайып әлемнің көптеген заңдылығымен танысасың.

Біз әрқашан сенің қасыңда жүріп, табысың мен жетістігіңе бірге қуанатын боламыз. Жолыңда қиындықтар кездесе, оны жеңуге көмектесеміз.

Сәт сапар!



Мазмұны

1 Сандар және цифрлар

Заттарды санау	6
Реттік санау	8
Сандарды салыстыру	14
Сандық сәуле	18
Артық, кем, тең	22
1 саны және цифры	28
2 саны және цифры	32
3 саны және цифры	38
4 саны және цифры	42
5 саны және цифры	46
6 саны және цифры	50
7 саны және цифры	56
8 саны және цифры	62
9 саны және цифры	66
0 саны және цифры	70
10 саны	74
10 санын қалай алуға болады?	78
Тура және кері ретпен санау	82
Бір таңбалы сандарды қосу және азайту	86
Қаншаға артық? Қаншаға кем?	90

2 Геометриялық фигуралар

Заттардың қандай айырмашылығы бар? (1)	94
Заттардың қандай айырмашылығы бар? (2)	97
Нүкте. Сызық. Сәуле	100
Кесінді. Сынық сызық	104
Кеңістік фигуралары	108
Жазық фигуралар	110
Жазық фигуралардың модельдері (1)	112
Жазық фигуралардың модельдері (2)	116

3

Шамалар және өлшемдер

Заттарды ұзындығы бойынша салыстыру	120
Ұзындықты қалай өлшейміз?	124
Заттарды массасы бойынша салыстыру	128

1

Сандар және цифрлар

Заттарды санау

Сен

- 10-ға дейін санауды үйренесің.

Тірек сөздер

қанша?

сан
санау
саны

Заттарды санағанда бір санынан бастап **санайды**.
Заттарды бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он деп санаймыз.
Заттарды сана.





Біз заттарды санаған кезде олардың саны қанша екенін білеміз. Сан заттардың қанша екенін көрсетеді.

ЕСТЕ САҚТА!

Санағанда санды қалдырып кетпе.

Біздің сыныбымызда

Суретке назар аудар. «Қанша?» сөзімен сұрақтар құрастыр.



Орындап көр

Сенің партаңның үстінде қанша түрлі түсті қарындаш бар? Сана.

Реттік санау

Сен

- заттарды ретімен санауды және олардың реттік нөмірін анықтауды үйренесің.

Тірек сөздер

ретті санау

нешінші?

Кітапханада



Айжан сөреден бес кітап алды.



Айжан сөреден бесінші кітапты алды.

Заттарды ретімен былай санауға болады: бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы.

Көңілді клоундар

1. Клоундардың қайсысы оң жақтан үшінші тұр?
2. Бом сол жақтан нешінші тұр?
3. Вили оң жақтан нешінші тұр?
4. Сол жақтан жетінші тұрған кім?
5. Оң жақтан оныншы тұрған клоунды ата. Егер сол жақтан бастап санаса, ол нешінші болады?

Сол жағы



Бим

Бом

Дин

Дон

Тили



Вили

Тим

Том

Сэм

Мим

Оң жағы

Шығарып көр

Қабаттарды ретімен сана.

Мына сұрақтарға жауап бер:

1. Гитарада ойнайтын қыз нешінші қабатта тұрады?
 2. Жоғарғы қабат реті бойынша нешінші қабат болады?
 3. Теледидар көріп отырған бала нешінші қабатта тұрады?
 4. Бесінші қабатта не тұрады?
- Өз бетіңше осындай сұрақтар құрастыр.

Орындап көр

Өзіңнің партаңның реттік нөмірін ата. Сынып тақтасына ең жақын тұрған партадан бастап сана.

► Ойлан

Біз реттік санауды тағы қай жерде қолданамыз?

Сандарды салыстыру



Сен

- жұп құрастыра отырып, сандарды салыстыруды үйренесің.

Тірек сөздер

тең = сонша
тең емес \neq

Бір топтағы зат саны қанша болса, екінші топтағы заттың саны **сонша**. Сондықтан екі топтағы заттар саны **тең** болады.



Суреттегі заттар қатарын салыстыр.

Қайсысы артық: қалам ба, әлде қарындаш па?

Өшіргіш пе, әлде ұштағыш па?






Дәмхана

Суретке қарап мыналарды анықта.

- Ұлдардың саны қыздардың санына тең бе?
- Орындықтардың саны дәмханаға келген адамдар санына тең бе?
- Ағаштар саны бұталар санына тең бе?
- Мәшинелер саны тұрақтағы орындар санына тең бе?



Сандық сәуле

Сен

- санның сандық сәуледегі орнын табуды үйренесің.

Тірек сөздер

сандық сәуле алдыңғы сан
келесі сан



Сандар сандық сәуледе ретімен тұрады, әр санның өз орны болады.



Түсіп қалған сандарды тап.



**Қанша сан түсіп қалған?
Бұл қандай сандар?**



Сандарды ата.
2 және 5 сандары үшін алдыңғы
және келесі сандарды ата.






Шығарып көр

Аю шыны құтыларды ретімен қойды ма? Сен оны қалай анықтадың?



Орындап көр

Текшелерді ретімен орналастыр.



Артық, кем, тең

Сен

- сандарды салыстырып үйренесің.


Тірек сөздер

артық $>$

кем $<$

Екі санды сандық сәуленің көмегімен **салыстыруға** болады.

5 саны 8 санынан **кем**, себебі сандық сәуледе 8 санының сол жағында тұр. 8 саны 5 санынан **артық**, себебі сандық сәуледе 5 санының оң жағында тұр.



5 саны 8-ден кем;


$$5 < 8$$

8 саны 5-тен артық.

$$8 > 5$$

Шығарып көр

Қай қолдағы бұршақтардың саны артық?




Сандық сәулені қолданып берілген сандарды салыстыр.

9 саны 2-ден артық па?

1 саны 5-тен артық па?

9 саны 7-ден кем бе?



Салыстыр.

Кім азық-түлікті артық сатып алды?



Кімнің апельсині артық?



Орындап көр



Салыстыр: сыныпта қыздар саны артық па, әлде ұлдар саны артық па?

Ойлан

Сөредегі ойыншықтар қораптағы ойыншықтардан артық. Қораптағы ойыншықтар кілемдегі ойыншықтардан артық. Қайсысында ойыншықтар артық: сөредегі ме, әлде кілемдегі ме?

Қатені тап.






1 саны және цифры

Сен

- 1 саны нені білдіретінін білетін боласың;
- 1 цифрын жазып үйренесің.

Тірек сөздер

бір
цифра




Заттарды санау **бір** санынан басталады.

Жолдорбаны жинауға көмектес.

Сен оның ішіне қандай заттарды саласың? Неге?

Цифр – бұл сандарды жазуға арналған белгі.




Қатені тап.




1



1



1



1

Орындап көр

Сыныптан саны 1-ге тең болатын заттарды тап.

Суреттен саны 1-ге тең болатын заттарды тап.



Шығарып көр

Арман мен Айнұр қораптан кәмпитті кезекпен алып отыр. Бірінші кәмпитті Арман, екіншісін Айнұр алды. Олар кәмпитті алуды осылай жалғастырды. Кім соңғы кәмпитті алады? Кімнің кәмпиті көбірек болады?

Гүлдер мен көбелектер саны бірдей ме? Қанша көбелекке гүл жетіспейді?

2 саны және цифры

Сен


- 2 саны нені білдіретінін түсінесің;
- 2 санын қалай алуға болатынын білесің;
- 2 цифрын жазып үйренесің.

Тірек сөздер

екі



плюс $+$
қосу амалы
қосу

минус $-$
азайту
амалы
азайту




Екі саны сандық сәуледе бір санынан кейін тұрады.

Суреттен бірдей екі затты тап.



Сандарды қосу кезінде «+» белгісі қолданылады.

$$1 + 1 = 2$$



Сандарды азайту кезінде «-» белгісі қолданылады.


$$2 - 1 = 1$$




Шығарып көр

1)

Қанша болған?




Не өзгерді?






$$1 + 1 = ?$$

Қанша болды?



2)

	 <p>2 - 1 = ?</p>
	

Сана және салыстыр.

1)

	
<p>2 ? 2</p>	

2)




>

$2 > 1$




3)




?

$1 ? 2$



ЕСТЕ САҚТА!



Орындап көр

Сыныптағы балаларды әртүрлі жолмен екі топқа бөл.



3 саны және цифры

Сен


- 3 саны нені білдіретінін түсінесің;
- 3 санын қалай алуға болатынын білесің;
- 3 цифрын жазып үйренесің.

Тірек сөздер

үш



Үш саны сандық сәуледе екі санынан кейін тұрады.



Түсіп қалған сандарды жаз.



Салыстыр.









$$1 * 3$$



$$2 * 3$$



Сана.

Қанша болған?	Не өзгерді?	Қанша болды?
	 $2 + 1$	
		

Планшеттер

Әр балада бір планшет болу үшін тағы қанша планшет керек?




Орындап көр

Сыныпта саны үшеу болатын заттар бар ма? Қарап көр.

Шаңғышыға кедергілерден өтуге көмектес. Түсіп қалған сандарды ата.



ЕСТЕ САҚТА!



Шығарып көр
Жеңімпаздарға барлығы неше медаль беріледі?




4 саны және цифры

Сен


- 4 саны нені білдіретінін түсінесің;
- 4 санын қалай алуға болатынын білесің;
- цифрын жазып үйренесің.

Тірек сөздер

төрт




Төрт саны сандық сәуледе үш санынан кейін тұрады.



Қай жануардың 4 аяғы бар? Айтып бер.



Қандай сандар түсіп қалған?



Сандарды салыстыр.

>, =, <

белгілерін қой.

$4 * 1$

$2 * 4$

$3 * 4$

$4 * 4$

Түсіп қалған сандарды ата.

- а)

1	2	3	
---	---	---	--
- ә)

4		2	
---	--	---	--
- б)

	2		4
--	---	--	---
- в)




	3		1
--	---	--	---

Шығарып көр
Қоянның барлық көжегі нешеу?



Сана.

$3 + 1 = ?$



$1 + 3 = ?$



$2 + 2 = ?$




$1 + 1 + 1 + 1 = ?$

Орындап көр

Сыныптағы жиһаздарға қара. Үстелдің, орындықтың қанша аяғы бар? Қандай заттардың саны төртеу?

ЕСТЕ САҚТА!



5 саны және цифры

Сен


- 5 саны нені білдіретінін түсінесің;
- 5 санын қалай алуға болатынын білесің;
- 5 цифрын жазып үйренесің.

Тірек сөздер

бес



Бес саны сандық сәуледе төрт санынан кейін тұрады.



Суреттегі заттарды сана.

Олардың қайсысын 5 саны арқылы айтуға болады?



Қандай сандар түсіп қалған?

$5 > ?$

$5 = ?$


Доптарды сана.



$1 + 4 = ?$


$? + 1 = 5$

$4 + ? = 5$



$2 + ? = 5$ $3 + 2 = ?$ $? + 3 = 5$

Түсіп қалған сандарды тап.



Орындап көр

Ойын қандай есеппен аяқталды?
Қақпаға қанша доп салынды?



Шығарып көр
Доптарды қақпаға түрлі тәсілмен лақтырып, бес ұпай жина.



ЕСТЕ САҚТА!



6 саны және цифры

Сен


- 6 саны нені білдіретінін түсінесің;
- 6 санын қалай алуға болатынын білесің;
- 6 цифрын жазып үйренесің.

Тірек сөздер

шесть



Алты саны сандық сәуледе бес санынан кейін тұрады.



Ертегі кейіпкерлерін сана.



Әрбір суретке сәйкес келетін мысалды тап.



$3 + 1$ $2 + 4$ $2 + 3$




3 + 1 2 + 4 2 + 3



3 + 1 2 + 4 2 + 3

Шығарып көр

Әр қатарда қанша көбелек бар? Олардың түстері қандай?
 Әр қатарға сәйкес қосу амалына мысал құрастыр.



Сандарды салыстыр.
 (>, =, <) белгілерін қой.

$1 * 6$	$3 * 6$	$5 * 6$
$2 * 6$	$4 * 6$	$6 * 6$


Гүлшоғы.

Гүлшоғы қандай гүлдерден жасалған? Қай гүлді 6 саны арқылы айтуға болады?






Орындап көр

Балықшы атай қай балықтарды жұбымен аулауы мүмкін?



ЕСТЕ САҚТАЙ



7 саны және цифры

Сен


- 7 саны нені білдіретінін түсінесің;
- 7 санын қалай алуға болатынын білесің;
- 7 цифрын жазып үйренесің.

Тірек сөздер

жеті



Жеті саны сандық сәуледе алты санынан кейін тұрады.











Түстер палитрасы.

Әрбір палитрада жеті түстен болу үшін әрқайсысына неше бояудан қосу керек?



Сандарды салыстыр. Қай белгіге (>, =, <) бояу жағылып кетті?

7  1	7  7	3  7
7  5	6  7	6  4
4  7	7  2	

**Кемпірқосақта неше түс
бар?
Оларды ата.**




Шығарып көр

Руслан неше жасқа толды? Сен оны қалай білдің?



Мысалдар құрастыр және шығар.






Орындап көр

Музыкалық ноталарды ата. Олардың саны қанша?



ЕСТЕ САҚТАЙ



8 саны және цифры

Сен


- 8 саны нені білдіретінін түсінесің;
- 8 санын қалай алуға болатынын білесің;
- 8 цифрын жазып үйренесің.

Тірек сөздер

сегіз




Сегіз саны сандық сәулде жеті санынан кейін тұрады.



Суреттегі түйелерді сана.







Түсіп қалған сандарды ата.



8 санын қалай алуға болады?

Мысалдар құрастыр және оларды шеш.



Қателерді тап.


$8 > 3$ $8 = 8$ $8 < 7$ $6 > 8$ $5 > 8$ $2 > 8$ $4 < 8$ $1 < 8$

Шығарып көр

Сегізаяқтың сегіз аяғы бар. Оған қанша аяқкиім керек? Қайсысы көп: аяқкиім киген аяқтар көп пе, әлде аяқкиімсіз аяқтар көп пе?



ЕСТЕ САҚТА!



Орындап көр

Сегіз түсті атап шық.

9 саны және цифры

Сен


- 9 саны нені білдіретінін түсінесің;
- 9 санын қалай алуға болатынын білесің;
- 9 цифрын жазып үйренесің.

Тірек сөздер

ТОҒЫЗ



ТОҒЫЗ саны сандық сәуледе сегіз санынан кейін тұрады.




Жұлдыздарды сана.

Жұлдыздарда жазылған сандарды ата. Әр санды 9 санымен салыстыр.



9 санын қалай алуға болады? Түсіп қалған сандарды ата.



Сөздерді жина.

Циркульге көмектес. Зымыран қай ғаламшарға қонады?



$$5 + 3 = a$$

$$1 + 8 = \text{Ж}$$

$$3 + 4 = o$$

$$4 + 5 = e$$

$$7 + 2 = k$$

$$6 + 3 = p$$

$$2 + 6 = c$$

$$5 + 4 = и$$

Таңдаған әріптерден сөз құра.

Шығарып көр


Ғарышкер қай зымыранмен ұшады?



Орындап көр

9 цифрын аударып көр.
Қандай цифр шығады?

ЕСТЕ САҚТА!



Сен білесің бе?

Оқу жылы 9 айға созылады.

0 саны және цифры

Сен

- 0 саны нені білдіретінін білетін боласың;
- 0 цифрын жазып үйренесің;
- 0-ді қосуды және азайтуды меңгересің.

Тірек сөздер


Нөл



0 санын «**НӨЛ**» деп айт.

Нөл заттың жоқтығын білдіреді.


Нөл саны сандық сәуледе 1 санының алдында тұрады.



Әуе шарлары

Суреттерге қара. Сен қалай ойлайсың, не болды?

Бағада қанша шар қалды? Мұны қандай санмен жазуға болады?



**Сандарды өсу және кему ретімен орналастыр.
Олардың әрқайсысын 0 санымен салыстыр.**



Мысалдардың жауаптары неге осылай болды?
Түсіндір.

$$3 + 0 = 3$$

$$3 - 0 = 3$$

$$3 - 3 = 0$$

Шығарып көр

$5 + 0$	$3 - 3$	$10 - 0$	$0 + 4$
$8 - 0$	$0 + 7$	$0 + 0$	$9 - 0$
$6 - 6$	$10 + 0$	$1 - 0$	$0 - 0$

► Ойлан

Бос себетте қанша алма бар?

Орындап көр

0 цифрына ұқсас заттардың суреттерін сал.



Сен білесің бе?

«Нөл» сөзі латын тілінен алынған. Ол «ештеңе жоқ» деген мағынаны білдіреді. Араб тілінде «нөл» саны «сифр» деп айтылады. «Цифр» сөзі осыдан пайда болған.


10 саны

Сен


- 10 саны нені білдіретінін түсінесің;
- 10 санын қалай алуды білетін боласың.

Тірек сөздер

он
бір таңбалы сан
екі таңбалы сан



0, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 – **бір таңбалы сандар**.
 Бұл сандар бір ғана цифрмен жазылады.
 10 (он) – **екі таңбалы сан**.
 Ол екі цифрмен жазылады.



Сандық сәуледе 10 санының сол жағында бір таңбалы, оң жағында екі таңбалы сандар орналасады.

Суретте барлығы қанша сан бар?

Бір таңбалы сандар нешеу?

Екі таңбалы сандар нешеу?



Сандарды салыстыр.

>, =, < белгілерін қой.

$10 * 9$

$2 * 10$

$10 * 5$

$10 * 10$

$4 * 10$

$0 * 10$

$10 * 6$


$7 * 10$

$10 * 8$

$3 * 10$

Қанша жеміс бар?

Жемістерді сана. Қараөріктің саны он болуы үшін тағы нешеуін қосу керек? Жемістердің әрқайсысы оннан болуы үшін тағы қанша жемістен қосу керек?




Жемістердің артында қандай белгілер жасырынған?

10  5 = 5

4  6 = 10

7  3 = 10






10  4 = 6

6  4 = 10

5  5 = 10

Шығарып көр


Сұрақ белгісінің орнына қандай сандарды қоямыз?



Орындап көр

Домино қорабынан тастарды тандап ал. Әр таста он нүктеден болсын. Сен неше тас таңдап алдың?

ЕСТЕ САҚТА!



10 санын қалай алуға болады?

Сен

- 10 санын қалай алуға болатынын білесің.

Тірек сөздер

қосу

Дастарқан


Дастарқан қанша адамға арналған?

Оны қалай білдің?




10 санын алу үшін бір таңбалы сандарды қосамыз.

ә)







б)




Орындап көр


Кестеге қарап мысалдар құрастыр. 10 санын алудын барлық жолдарын айт.

		$1 + 9$
---	--	---------

		$\square + \square$
--	---	---------------------

		$\square + \square$
---	--	---------------------

		$\square + \square$
---	--	---------------------

		$\square + \square$
---	--	---------------------

		$\square + \square$
--	---	---------------------

		$\square + \square$
--	---	---------------------

		$\square + \square$
--	---	---------------------

		$\square + \square$
--	---	---------------------

		$\square + \square$
--	--	---------------------

Тура және кері ретпен санау

Сен

- тура және кері ретпен санауды үйренесің.

Тірек сөздер

тура ретпен санау
кері ретпен санау

1-ден 10-ға дейін тура ретпен сана:

1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10.


Бұл жерде сандарды өсу реті бойынша орналастыр.



10-нан 1-ге дейін кері ретпен сана:

10, 9, 8, 7, 6, 5, 4, 3, 2, 1.

Бұл жерде сандарды кему реті бойынша орналастыр.




Шығарып көр

Сандар жазылған парақшаларды тура ретпен қой. Қандай парақшалар жетіспейді?

Баспалдақтар

Сандарды өсу және кему реті бойынша атап, баспалдақпен көтеріл және төмен түс.



Сен қандай ретпен санадың?

Іздер

Тура және кері ретпен сана. Қай сандар түсіп қалған?





Орындап көр

- а) 4-тен бастап, 10-ға дейін сана.
- ә) 8-ден бастап, 1-ге дейін сана.

Бір таңбалы сандарды қосу және азайту

Сен


- сандарды қосуды және азайтуды үйренесің.

Тірек сөздер

**ҚОСЫЛҒЫШ
ҚОСЫНДЫ**

**азайғыш
азайтқыш
айырма**


Сандарды бір-біріне қосуға болады. Бұны қосу амалы деп атайды. Қосуда сандар қосылғыш, қосылғыш, қосындының мәні деп аталады.



Қосып көр.

Суретке қарап қосу амалына мысалдар құрастыр.
Оларды шеш.



а)




ә)



б)




Бір саннан екінші санды азайтуға болады. Бұны азайту амалы деп атайды. Азайтуда сандар азайғыш, азайтқыш, айырманың мәні деп аталады.



Азайтып көр.

Азайту амалына берілген мысалдарды шығар. Суретке қай мысал сәйкес келеді?



Қосу амалына берілген мысалға сәйкес азайту амалына екі мысал құруға болады.

$$3 + 2 = 5 \quad 5 - 3 = 2 \quad 5 - 2 = 3$$

Орындап көр


Қосуға берілген әр мысалға азайтумен орындалатын мысал құрастыр.

$$6 + 3 = 9 \quad 7 + 3 = ? \quad 9 - ? = ?$$


$$? - 7 = ? \quad 9 - ? = ? \quad ? - 3 = ?$$

Шығарып көр

Тауықтың



сары,



қара балапаны бар.

Тауықтың барлық балапаны нешеу?

Қаншаға артық? Қаншаға кем?


Сен

- бір санның екіншісінен қаншаға артық немесе кем екенін анықтауды үйренесің.

Тірек сөздер


салыстыр

Екі топтағы заттарды олардың санына қарап салыстыруға болады. Ол үшін жұп құрастыру керек. Сонда бірінші топтағы заттар санының екінші топтағы заттар санынан қаншаға артық немесе кем екенін біле аламыз.




$3 < 5$ (2-ге артық)

$5 > 3$ (2-ге кем)



Бір сан екіншіден қаншаға артық немесе кем екенін табу үшін сандық сәулені қолдануға болады.



$2 < 7$ (**5-ке кем**) немесе $7 > 2$ (**5-ке артық**)

Бір санның екінші саннан қаншаға артық не кем екенін білу үшін үлкен саннан кіші санды азайту керек.

$2 < 7$ (5-ке кем), себебі $7 - 2 = 5$

Үйлерді салыстыр.

Әрбір үйде неше қабат бар?



А Ә Б В Г Ғ Д Е

А үйі Ә үйінен 2 қабатқа аласа.

Д үйі В үйінен неше қабатқа биік?

Г үйі Е үйінен неше қабатқа аласа?

Ғ үйі А үйінен неше қабатқа биік?

Ең биік үй ең аласа үйден неше қабатқа биік?

Орындап көр

Сенде неше қарындаш бар? Сана. Сенің сыныптасыңда неше қарындаш бар? Кімде артық? Кімде кем? Қаншаға?

Шығарып көр

Сандарды салыстыр.

$9 > 8$ (қаншаға ... ?) $3 < 7$ (қаншаға ... ?)

$1 ? 4$ (қаншаға ... ?) $7 ? 10$ (қаншаға ... ?)

$10 ? 1$ (қаншаға ... ?) $2 ? 8$ (қаншаға ... ?)

2

Геометриялық фигуралар

Заттардың қандай айырмашылығы бар? (1)

Сен

- заттарды қандай белгісі бойынша салыстыруға болатынын білесің.

Тірек сөздер

пішін

түс

өлшем

Заттарды пішіні, түсі және өлшемі бойынша салыстыруға болады.

Суреттерге мұқият қара. Заттардың қандай ұқсастығы мен айырмашылығы бар?

а)



ә)



б)





Заттар түсі, пішіні, өлшемі жағынан ұқсас болуы мүмкін. Олардың түсі, пішіні, өлшемінде айырмашылықтар да болады.



Шығарып көр

Сол жақтағы заттардың оң жақтағы заттардан қандай айырмашылығы бар? Қандай өзгерістер болғанын түсіндір.



а)



ә)







б)





ЕСТЕ САҚТА!

Заттардың түсін, пішінін және өлшемін өзгертуге болады.



б)



► Ойлан

Заттарды тағы қандай белгілеріне қарап салыстыруға болады?

Орындап көр

Сыныптан түстері бірдей екі затты тап.
Пішіндері бірдей екі затты тап.
Өлшемдері бірдей екі затты тап.

Заттардың қандай айырмашылығы бар? (2)

Сен

- заттарды жасалған материалдары бойынша ажыратып үйренесің.

Тірек сөздер

материал

Суреттерді қара.

Бұл заттарды қандай белгілері бойынша салыстыруға болады?




Заттарды әртүрлі материалдардан жасайды.

ЕСТЕ САҚТА!










Шығарып көр
Заттар неден жасалған?

Заттарды жасалған материалдары бойынша салыстыруға болады.



Орындап көр

Артық затты тап.

а			
б			
в			

Заттарды қандай белгілеріне қарап салыстырдың?
Артық затты қалай тапқаныңды түсіндір.

Нүкте. Сызық. Сәуле

Сен


- нүкте, сызық және сәуленің не екенін білетін боласың;
- оларды салып үйренесің.

Тірек сөздер

түзу
 қисық сызық
 нүкте
 сызық
 сәуле
 бұрыш
 тұйықталған
 сызық
 тұйықталмаған
 сызық

Қоршаған ортаны сызықтар мен нүктелер арқылы бейнелеуге болады. Нүкте мен сызық – қарапайым геометриялық фигуралар.

Суреттен нүктелер мен сызықтарды тап.




Сәуле – түзу сызықтың бөлігі. Сәуленің басталу нүктесі бар, бірақ оның аяқталу нүктесі болмайды. Сызықтар **тұйықталған** және **тұйықталмаған** болады. Тұйықталмаған сызықтардың екі ұшы болады. Тұйықталған сызықтардың ұштары болмайды.



Бір нүктеден екі сәуле сызсақ, онда **бұрыш** пайда болады.

Нүктені бас әріппен белгілейді. Түзуді және қисық сызықты кіші әріппен де белгілеуге болады. Сәулениң басы мен ұшын бас әріптермен белгілейміз.

Сәулелер мен бұрыштар




А•

В•

Т•

Д•



Орындап көр

Екі нүкте арқылы неше түзу сызуға болатынын анықта. Неше сәуле сызуға болады?

Шығарып көр

Бұл сызықтар қалай аталады?

а

с

в

о

к

Кесінді. Сынық сызық

Сен

- кесіндінің, сынық сызықтың не екенін білетін боласың;
- оларды сызып үйренесің.



Тірек сөздер

кесінді
сынық
сызық


Кесінді – түзу сызықтың бір бөлігі.
Кесіндінің екі ұшы болады.

Кесіндіні сызып үйрен

1. Екі нүкте белгіле.
2. Сызғыштың көмегімен нүктелерді қосып сыз. Міне, сен кесінді сыздың.
3. Кесіндінің ұштарын бас әріптермен белгіле.




Кесінділерді тап.



Сынық сызық бір түзудің бойында жатпайтын кесінділерден тұрады. Бір кесіндінің аяғы екінші кесіндінің басы болады. Әр кесінді – сынық сызықтың буыны.


Сынық сызық құрастыр.

Өшіргіш пен Сызғышқа 4 кесіндіден сынық сызық құрастыруға көмектес. Оны дәптеріңе сыз.



Орындап көр

Әрбір жұптағы кесінділердің ұзындықтарын салыстыр.



Қай кесіндінің ұзындығын салыстыра алмадың? Неліктен?

Шығарып көр

Суретте неше кесінді көрсетілген?
Кірпі ініне қай жолмен тезірек жетеді?
Суреттен бұрыштарды тап. Көрсет.



Кеңістік фигуралары

Сен

- кеңістік фигураларымен танысасың.

Біз айналамыздан кеңістік фигураларын көре аламыз. Цилиндр, пирамида, текше, конус, және шар кеңістік фигуралары деп аталады.

Тірек сөздер

фигура

цилиндр

конус



Суреттен кеңістік фигуралары пішініндегі ғимараттарды тап.



Орындап көр

Зерттеу жүргіз. Сыныптан кеңістік фигураларын тап. Солардың біреуінің суретін сал.

Шығарып көр

Кеңістік фигураларының қайсысы домалайды? Ал қайсысы домаламайды? Неліктен?


пирамида



шар



текше



Жазық фигуралар

Сен

- жазық фигуралармен танысасың.

Дөңгелек, үшбұрыш, шаршы және тіктөртбұрыш – жазық фигуралар.

Тірек сөздер

дөңгелек

шаршы

үшбұрыш


жақ

тіктөртбұрыш

Кәне, тапшы:
бұл кім? Оның
үйі қайда?

Менің
3 бұрышым
бар!

Менің қарама-
қарсы қабыр-
ғаларым тең.



Орындап көр

Айналаңа қара. Қоршаған ортадағы заттардың қайсысы дөңгелекке, үшбұрышқа, шаршыға және тіктөртбұрышқа ұқсайды? Анықта.

Шығарып көр

Мына заттардың пішіндері қандай? Олардың жақтарының пішіндері қандай?

Менің үйімнің барлық қабырғалары тең.

Менің үйімнің бұрыштары жоқ.

Жазық фигуралардың модельдері (1)

Сен


- жазық фигуралардың модельдерін жасап үйренесің.

Тірек сөздер


модель

Жазық фигураның моделі дегеніміз – жұмсақ және қатты қағаздан, ши мен ермексаздан немесе басқа да заттан жасалған көлемді фигура жақтарының үлгісі. Үшбұрыш моделін қалай жасауға болады? Үшбұрышты жасаудың ретін сақтай отырып, ши мен ермексаздан үшбұрыш жаса.


1



2



3




Үшбұрыштың үш қабырғасы бар.

Оның қабырғаларының ұзындықтары бірдей немесе әртүрлі болады.

Шаршының моделін жаса.

Нұсқаулыққа қарап ши мен ермексаздан шаршының моделін жаса.



Шаршының 4 қабырғасы бар. Оның барлық қабырғаларының ұзындықтары бірдей болады.


Тіктөртбұрыштың төрт қабырғасы бар. Оның қарама-қарсы қабырғалары тең болады.

Өз бетіңше тіктөртбұрыш жаса.
Ши мен ермексаздан тіктөртбұрыш жаса.


Шығарып көр

Бес ши мен ермексаздың бес бөлігінен қандай фигура жасауға болады?

1



2




3




ЕСТЕ САҚТА!

Жазық фигураны көлемді фигураның көмегімен жасауға болады.



Орындап көр

Дөңгелектің моделін салу үшін қандай фигураны айналдыра сызу керектігін анықта.



Жазық фигуралардың модельдері (2)


Сен



- жұмсақ және қатты қағаздан жазық фигура жасап үйренесің;
- жазық фигураларды қолданып түрлі бұйымдар жасайсың.

Жазық фигуралардан бұйымдар жасауға болады.

Фигуралардан құрастырылған жануарлар.


Жануарлар қандай фигуралардан жасалған? Оларды ата.








Шығарып көр

Сурет қандай
фигуралардан тұрады?



Шаршыдан үшбұрыштарды қалай жасауға болады? Жазық фигуралардан көбелек жасау үшін не істеуіміз керек?





Орындап көр

Балапанның немесе күшіктің моделін жаса. Оларды жасау үшін қандай жазық фигураларды қолданасың?



3

Шамалар және өлшемдер

Заттарды ұзындығы бойынша салыстыру

Сен

- заттарды ұзындығы бойынша салыстыруды үйренесің.

Тірек сөздер

ұзындық

ұзын


қысқа

биік

аласа


Заттарды **ұзындығы** бойынша салыстыруға болады. Мысалы, қарындаш қаламға қарағанда **ұзын**. Қалам қарындаштан **қысқа**.

Қай қарындаш ұзын? Қайсысы қысқа?



Заттың төменнен жоғарыға дейінгі ұзындығы – бұл оның биіктігі. Мысалы, ағаш бұтадан биік. Орындық партадан аласа.

Ағаштарды биіктігі бойынша салыстыр.



Адамның биіктігі – бұл оның бойы. Мысалы, қыздың бойы ұлға қарағанда **аласалау**. Ұлдың бойы қызға қарағанда **биіктеу**.

Отбасы мүшелерін бойлары бойынша орналастыр.
Отбасында кімнің бойы ең биік? Кім аласа: ағасы ма, әлде қарындасы ма?



Орындап көр

Сыныптағы ең биік және ең аласа заттарды анықта.

Шығарып көр
Қайсысы ұзындау: моншақ па, әлде таяқша ма? Неге?



Ұзындықты қалай өлшейміз?

Сен

- заттардың ұзындығын өлшеп үйренесің.

Тірек сөздер

өлшеуіш

сантиметр

Өлшеуіш – заттардың ұзындығын өлшеуге арналған құрал.

Орындап көр


Өз бойыңды өлше.

1. Қағазға табаныңды бастырып сызып, оны қиып ал. Сонда бойыңды өлшейтін өлшеуіш шығады.
2. Өз бойыңның осындай неше өлшеуіштен тұратынын өлшеп сана.

Шығарып көр


Қасық пен ұштағыштың ұзындығы қандай?






Ұл баланың бойы неше өлшеуішке тең? Сана.

Сантиметр – ұзындықтың өлшем бірлігі.



Ұзындықты өлшеу үшін сызғыштағы 0 санын заттың шетіне дәл келетіндей етіп қой.



Ойлан
 Қызыл жіп көк жіптен ұзын, көк жіп жасыл жіптен ұзын.
 Қай жіп ұзын: жасыл ма, әлде қызыл ма?

ЕСТЕ САҚТА!

	Өлшем бірлігі	Өлшем бірлігінің белгіленуі
Ұзындық	сантиметр	см

Заттарды массасы бойынша салыстыру

Сен

- массаның не екенін білетін боласың;
- заттарды массасы бойынша салыстыруды үйренесің.

Тірек сөздер

ауыр

жеңіл

масса

Заттарды массасы бойынша салыстыруға болады. Мысалы: қаламсауыт кітаптан **жеңіл**. Кітап сызғыштан **ауыр**.

Кім ауыр? Кім жеңіл?




Орындап көр

Таразының көмегінсіз мектеп құралдарының ішіндегі ең жеңілі мен ең ауырын анықтап көр.

Шығарып көр
Алма алмұрттан ауырлау. Алмұрт шабдалыдан ауырлау. Қайсысы ауырлау: алма ма, әлде шабдалы ма? Қайсысы жеңілдеу?

Егер зат ауыр болса, оның массасы артық болады. Егер зат жеңіл болса, оның массасы кем болады.

Қай заттың массасы артық? Қайсысының массасы кем?






ә)



б)



Қай ойыншық барлығынан жеңіл?
Қайсысы ауыр?



Оқулық

МАТЕМАТИКА

1-сынып. 1-бөлім

Көру қабілеті бұзылған (нашар көретін) балаларға арналған арнайы жалпы білім беретін мектептердің (сыныптардың) 1-сыныбына арналған оқулық

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігінің
тапсырысы бойынша

Бейімдеген Жумабекова Э. Ж.
Редакторы Г. Н. Базарбаева
Корректоры Ж. А. Исабекова
Дизайны «Білім беру ресурстар орталығы»
ЖМ-де жасалып, беттелді.

ЖШС «ӘБЕО» орталығы
Алматы қ., Байзақов көшесі, 273В

Басуға 11.06.2018 қол қойылды. Пішімі 60x90^{1/8}.
Есептік баспа табағы 16,5. Шартты баспа табағы 16,5.
Офсеттік қағаз